

Кітапхана жұмысының 2022-2023 оқу жылында атқарылған іс шара туралы мәлімет

01.09.2022 жылы 1-қыркүйек «Білім күні» мерекесі Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп кітапханасында «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылып, библиографиялық шолу жасалды..

05.09.2022 жылы Бастауыш сынып оқушыларымен кітапханашы Е.Қақанова кітапхана өмірімен таныстыру мақсатында кітапханаға саяхат сабағы өтілді.Сабақ барысында оқушыларды кітапханамен таныстырып,балалар әдебиетімен және кітапты қолдану ережесімен таныстырып өтті.

08.09.2022ж «Туған тілім тіршілігімнің айнасы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрмеге А.Байтұрсыновтың шығармалары,нақыл сөздері,мерзімді басылымға жарияланған мақалалар қойылды.

Көрмеге барлық оқырман тобы тартылды.

13.09.2022ж Жоғарғы топ оқырмандарымен «Буккроссинг» акциясы өткізілді.мақсаты үйімізде жатқан немесе оқылған кітаптарға екінші өмір сыйлау,оқырмандар арасында кітап алмастыру акциясын жүргізу:әр түрлі жастағы оқырмандарды кітап оқуға шақыру;кітапхананы үлкен кітапханаға айналдыру.Жоғарғы топ оқырмандары үйлерінен бірнеше кітап әкеліп кітапхананы кітаппен толықтырды.

15.09.2022 ж «Балалар әлемі» республикалық балалар оқулары байқауы өтілді.Мақсаты:Балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру,қазақ және шетел әдебиетін,ақын жазушыларының шығармаларын терең зертеуге шақыру және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік сезімді қалыптастыру.Байқау 3-10 сыныптар арасында өткізілді.Жас ерекшелігіне қарай 3-4 сыныптар «Ертегілер әлемінде», 5-6 сыныптар «Кел,балалар,оқылық»,7-8 сыныптар «Ғасырлар тарихты жырлайды», 9-10 сыныптар «Ұлы Дала жырлары» және «Ұлы Дала ұлағаты» тақырыбында дайындалды.Байқау эссе және тест тапсырмалары бойынша өткізілді.Байқауға 32 оқушы қатыстырылды.Нәтижесінде әр топтан аудандық кезеңге 6 оқушы өтілді.Аудандық кезеңге өткен оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.

23.09.2022 Мектеп оқушылары арасында кітап оқу мәдениетін дамыту,оқу сауаттылығын арттыру мақсатында,Түркістан облысы Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі 2022 жылдың 23-қыркүйек күні Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектептің базасында «Балалар әлемі» жобасы шеңберінде, аудандық байқау ұйымдастырылды.Байқауға 25 мектептен 96 оқушы әр кезең бойынша қатысып,бақ сынасты.8сынып оқушысы Ақберді Нұрбану облыстық кезеңге жолдама алып 1-орын алды.

02.10.2022 жылы Қазан айының екінші жексенбісі «Ұстаздар күні» мерекесіне орай«Ұстаз – ұлағатты есім»тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.Көрменің мақсаты.Оқырмандарды М.Әуезов шығармаларымен таныстыру,кітап оқуға тарту.Көрмеге М.Әуезовтің шығармалары, М.Әуезов жайлы айтылған естеліктер,газет-журналдар қойылды.Көрмеге орта және жоғарғы топ оқырмандары тартылды.

12.10.2022 ж күні 5-7 сыныптар арасында Абай Құнанбаевтың өлеңдерін насихаттау мақсатында «Абай тақырыбы-мәңгілік тақырып» атты поэтикалық марафон ұйымдастырылды.Марафонның мақсаты:Қазақтың бас ақыны,ұлы дана,ойшыл сазгер Абай Құнанбаевтың мол мұрасын сыныптан тыс марафон арқылы насихаттау.Марафонда

сынып жетекшілер оқушылармен бірге Абайдың өлеңдерін мәнерлеп оқып қара сөздерін оқыды.

17.10.2022ж Кітапханашылардың ұйымдастыруымен С.Мәуленовтың 100 жас толуына орай «Мен Сырбайды оқимын» атты мектепшілік чөлденж ұйымдастырылды. Чөлденждың мақсаты. Ақынның өмірімен таныстырып, өлеңдерін насихаттау..

2022 жылы 19 қазан күні Түркістан облысы Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі әдістемелік кабинеттің жоспарына сәйкес «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана қызметкерлерімен А.Иманов атындағы жалпы орта мектебінің базасында кәзіргі заманғы мектеп кітапханашыларының жұмысына жаңашылдық енгізу, кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру, алған білімдерін өз тәжірибесіне енгізу мақсатында «Мектеп кітапханаларында оқу үрдісін кеңейту мақсатында жаңа электронды ресурстарды пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбында оқыту семинары ұйымдастырылды. Кітап оқуға мүмкіндік беретін тегін бағдарламаның бірі «Қазақша 500- ертегілер» пәлпәформасымен таныстырдым.

Сіз кез келген уақытта ертегілердің алуан түрін тағы басқа кез келген кітабын осы бағдарламадан электронды кітабын оқи алауға болатын, мұнда қазақ әдебиетінің ертегі жауһарлары жинақталған жайлы таныстырып өттім.

21.10.2022ж 25 қазан – Республика күніне орай өткізілген «Республикам мақтанышым» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты : Оқушылардың туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге баулу. Бақытқа жеткізудің даңғыл жолдың бірі туған Отанды сүюден басталатынын ұғындыру. Көрмеге пән мұғалімдері және барлық оқырман тобы тартылды.

Сонымен қатар «Менің Республикам» атты чөлденж ұйымдастырылды. Чөлденжды 11 сынып оқушылары Сырдария жалпы орта мектеп оқушыларына жолдады.

09.11.2022ж Кітапхана қызметкерлері 8 сынып оқырмандарымен «Біз бақытты баламыз» оқыған кітаптарына сұрақтар мен жауаптар бойынша дөңгелек үстел өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, ой-өрісін дамыту, тіл байлықтарын кітап оқу арқылы арттыру. Іс-шара барысында оқырмандар оқыған кітаптарын «Он бес жасар капитан», «Өгей бала», М.Қабанбаевтың «Жиһангез Тити», Б.Момышұлы «Ұшқан ұя» кітаптарымен пікірталас жүргізілді. Әр оқырман өз ойларын айта отырып, кітаптан алған әсерлерін, ондағы жағымды кейіпкерлермен басты кейіпкерлер жайлы айта отырды.

18.11.2022ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада 9 сынып оқырмандарымен Ш.Мұртаза 90 жыл «Аңыз бен абыз» өмірі мен шығармашылығына әдеби вернисаж өтілді. Мақсаты: Ш.Мұртазаның өмірі және шығармашылығы жайлы презентация жасап сабақ өткізілді. Оқырмандар жазушылардың Ш.Мұртаза туралы айтқан пікірлер, ойлар туралы пікірлер айтылды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапханада «Оқу сағаты» сабақтары жүргізілді. Сабақ арасында «Үзілісте 20 минут» оқу сағаты ұйымдастырылып оқырмандар кітапханаға келіп кітап оқиды.

«Бір апта- бір кітап» оқыған кітаптарымен сайыс сабақтар ұйымдастырылып тандалған кітаптарға байланысты сұрақтар қойылып, сауалнамалар жүргізілді.

29.11-16.12.2022ж Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік таңы» атты кітап көрмесі және патриоттық тақырыпта мәнерлеп оқу өтілді.Көрменің мақсаты Ата-бабамыздың тәуелсіздік жолындағы ерлігін үлгі етіп, Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстанның дербес мемлекет ретінде қалыптасу тарихына шолу жасау.Мектебімізде болып өткен «Тарих адамзат ақыл –ойының қазынасы» атты тарих апталығына қатысып 10 сынып оқушыларымен «Тәуелсіздік-қасиет қонған ұлы ұғым » тақырыбымен танымдық сағат өтілді.

.Көрмеге ата-бабамыздың тәуелсіздік үшін күресіп хандық дәуірден бастап тәуелсіздік алғанға дейінгі әдебиеттер қойылды.

05.12.2022ж «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш топ оқырмандарымен «Абай дана Абай дара қазақта» атты Абай оқулары өтілді.мәнерлеп оқу сабағының мақсаты: Абайдың өлеңдерін оқу арқылы баланың бойына жақсы қасиеттерін сіңіру, оқу сауаттылығын арттыру.Оқырмандар Абай Құнанбаевтың төрт мезгілге байланысты өлеңдерін және басқа да өлеңдерін жатқа айтты.қорытындылай келе жақсы мәнерлеп оқыған оқырмандар мақтау қағаздарымен марапатталды.

08.12.2022ж:Ғабиден мұстафиннің 120-жасқа толуына орай «Көркем сөздің шебері » атты танымдық сағат өтілді.Қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шеберіатанған Ғабиден Мұстафин жайлы кітап көрмесі қойылып,жоғарғы топ оқырмандарымен «Миллионер» шығармасына тоқталып дөңгелек стол өткізілді.

15.12.2022ж 7 «в» сыныптармен «Мен оқыған бір кітап» «Бук слэм» әдісі бойынша сабақ өтілді.Бұл сабақта оқырмандар өздерінің сүйікті кітабын жарнамалау арқылы оқырмандарды кітап оқуға шақырады.Жарнаманы бейнешолу түрінде жасады.

19.12.2022 ж «Оқырман ата ана-оқырман бала» атты марафон өткізілді.Мақсаты: жанұямен кітап оқу дәстүрін жаңғырту,адамзаттың ой-өрісін,шығармашылық,әлеуметтік белсенділігін арттырудың қуатты құралы болып табылатын кітап оқуды отбасылық құндылыққа айналдыру.Бұл оқырман марафонына 3 отбасы қатысты.Сайыс соңында қатысқан отбасылар мектеп директорының марапатымен марапатталды.

22.12.2022ж «Бірге кітап оқиық» bookdating кітап оқуды сүйікті істеріне айналдыру мақсатында 10 сынып оқырмандарымен өтілді.Кітапхананың тұрақты жоғарғы топ оқырмандары төменгі топ оқырмандарына кітапты қалай оқу керек,кітапқа деген қызығушылықты қалай бастау керек екені жайлы түрлі әдістер көрсетті.

4.01-9.01 2023ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қысқы каникул кезінде «Өнеге болса бала көрікті» тақырыбында сынып болып бір шығарманы оқу,талқылау.

9.02. 2023ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жырлайды жүрек»М.Мақатаевтың шығармаларын мәнерлеп оқу сағаттары барлық топ оқырмандарға.

14.02. 2023ж. «Отты жылдар жаңғырығы» Ауған ардагерлеріне арналып кітап көрмесі мен тарихи шолу жасалды.

1.03-30 .03.2023ж «Елдігімнің айнасы,салт дәстүрім» кітап көрмесі,танымдық сағат

13.03.2023ж «Бір ел бір кітап» акция аясында Т.Әбдікұлының шығармаларын насихаттау мақсатында «Шоқтығы биік жазушы» атты оқырман конференциясы өтті.

1.04.2023ж 2 сәуір Халықаралық балалар кітап күніне орай зияткерлік ойын және кітап көрме ұйымдастырылды.

8.04-21. 04. 2023ж. «Мың мамандық бәрі бар,таңдап,талғап, бірін ал» мектеп түлектеріне арналған бұрыш ұйымдастырылды.

1.05.2023ж 1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай кітап көрме ұйымдастырылды.

4.05-12. 05. 2023ж Ұлы Жеңіс күніне орай «Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым» атты кітап көрмежәне библиографиялық шолу,ерлік сағаты ұйымдастырылды.















